

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

NTRX900

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2
Қауіпсіздік	2

2 Mini Hi-Fi жүйеңіз	4
Кіріспе	4
Қораптың құрамы	4
Негізгі құрылғыны шолу	5
Қашықтан басқару құралына шолу	7

3 Жұмысты бастау	9
Қашықтан басқару құралын дайындау	9
Қосу	9
Қосу	11

4 Ойнату	12
Дискіден немесе USB құрылғысынан ойнату	12
Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату	15
Сыртқы құрылғыдан ойнату	16

5 Радио тыңдау	17
Радио станцияға реттеу	17
Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	17
Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	17
Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	17

6 Дыбыс деңгейін және дыбыс әсерін реттеу	18
Дыбыс деңгейін реттеу	18
Дыбысты өшіру	18
AUTO DJ әсерін қолдану	18
DJ әсерлерін қолмен қолдану	18
Алдын ала орнатылған дыбыс әсерін таңдау	18
Бассты жақсарту	19
NX Bass әсерін қолдану	19
Эквалайзер параметрлерін реттеу	19

7 Басқа мүмкіндіктер	20
Mix sound (Дыбысты араластыру)	20
Микрофонмен сөйлеу немесе ән айту	20
Безендіргіш жарықты қосу немесе өшіру	20
Құлақсаппа арқылы тыңдау	20

8 Өнім туралы ақпарат	21
Ерекшеліктер	21
USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	22
Қолдау көрсетілетін MP3 диск форматтары	22
Техникалық қызмет көрсету	22

9 Ақаулықтарды жою	24
Жалпы ақпарат	24
Bluetooth құрылғысы туралы	25

10 Ескерту	26
-------------------	-----------

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін өнім корпусын алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аудартады. ЕСКЕРТУ: от немесе ток соғу қауіпін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар оның үстіне қойылмауы тиіс.

АБАЙЛАҢЫЗ: ток соғуды болдырмау үшін штепсельдік ұш пен саңылауды жалпақ жақтарымен келтіріп, толығымен кіргізіңіз.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

- Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Қуат сымын, атап айтқанда, ашаларынан, розеткаларынан және құрылғыдан шығып тұрған жерінен басылып немесе қысылып қалудан қорғаныз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен немесе құрылғымен бірге сатылатын арбашамен, тірекпен, ұштағанмен, кронштейнмен немесе үстелмен бірге пайдаланыңыз. Арбаша пайдаланылғанда, арбаша/құрылғы екеуін жылжитқанда аударылып кетіп жарақат алмау үшін сақ болыңыз.



- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:

- Барлық батареяларды қашықтан басқару құралына + және - белгісімен дұрыстап орнатыңыз.
- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
- Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт қолданылмайтын болса, батареяларды алып қойыңыз.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.



Ескерту

- Осы жерде көрсетілгеннен басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе процедураларды орындау зиянды лазерлі сәуленің шығуын немесе басқа қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

- Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.
- Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

- Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.
- Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаңыз.

Құлақаспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Біқтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының артқы жағында орналасқан.

Есту қауіпсіздігі



Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз.

- Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.

2 Mini Hi-Fi жүйеңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Бұл құрылғымен мына әрекеттерді орындауға болады:

- дискілерден, USB сақтау құрылғыларынан, Bluetooth қосылған құрылғылардан немесе басқа сыртқы құрылғылардан дыбыс тыңдау;
- микшердің көмегімен қос дыбыс көзінің арасында ойнатуды ауыстыру;
- FM немесе AM радио станцияларын тыңдау;
- микрофондардың көмегімен құрылғының динамиктері арқылы сөйлеу немесе ән айту және
- USB сақтау құрылғысына жазу.

Дыбысты түрлендіру үшін, бұл құрылғы мынадай дыбыс әсерлерін ұсынады:


- DSC (сандық дыбысты басқару)
- Динамикалық бассты күшейту (DBB)
- DJ әсерлері
- NX бас күшейтуі

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз:

- Негізгі құрылғы x 1
- Динамик қорабы x 2
- 2 AAA батареясы бар қашықтан басқару құралы
- FM сымды антеннасы x 1
- AM жақтаулы антеннасы x 1
- Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы
- Қауіпсіздік және ескерту парақшасы

Негізгі құрылғыны шолу



1. Power

- Құрылғыны қосыңыз немесе күту режиміне ауыстырыңыз.

2. Ойнатуды басқару панелі (B)

- USB B режиміне арналған ойнатуды басқару.

3. ■ (B)

- USB B режимінде ойнатуды тоқтату.

4. Дисплейлі панель

- Күйді көрсетеді.

5. Диск наусы

6. ■ (A)

- Disc (Диск) немесе USB A режимінде ойнатуды тоқтату.

- Disc (Диск) немесе USB A режимінде бағдарламаланған тізімді өшіру.
- Жазу процесінен шығу.
- Tuner (Тюнер) режимінде FM және AM жиіліктері арасында ауыстыру.

7. Ойнатуды басқару панелі (A)

- Source A режимдеріне (Disc (Диск), USB A, Bluetooth және Tuner (Тюнер) режимдерін қоса) ойнатуды басқару.

8. AUX


- Сыртқы құрылғыдан келетін бір дыбыс көзін таңдаңыз: DVD, PC (Компьютер), TV (Теледидар) немесе GAME (Ойын) құрылғысы.

9. ▲

- Дискіні шығарыңыз.

- ⑪ **DJ EFFECT дөңгелегі**
 - DJ әсерлерінің дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑪ **DJ EFFECT**
 - CD, USB A, Bluetooth, Tuner (Тюнер) немесе Audio in A (A кірісіндегі дыбыс) режимінде DJ әсерлерін қолмен қолдану.
- ⑫ **AUTO DJ**
 - USB A режимінде AUTO DJ әсерін автоматты түрде қолдану.
- ⑬ **MIC VOL тұтқасы**
 - Микрофонның дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑭ **🔊 VOL тұтқасы**
 - Құлақаспаптың дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑮ **🔊 OUTPUT тұтқасы**
 - Құлақаспап шығысын A көзі және B көзі арасында ауыстыру.
- ⑯ **REC**
 - USB A режимінде USB құрылғысына жазу.
- ⑰ **USB A/USB B**
 - USB сыйымды жад құрылғыларын жалғау.
- ⑱ **DELETE**
 - USB A режимінде USB құрылғысында сақтаулы дыбыс файлдарын жою.
- ⑲ **🔊**
 - Құлақаспапты жалғау.
- ⑳ **AUDIO IN A/B**
 - Сыртқы дыбыстық құрылғыға арналған дыбыс кірісі ұяшығы (3,5 мм).
- ㉑ **MIC 1/2 (Микрофон порттары)**
 - Микрофонға арналған ұяшық.
- ㉒ **Bluetooth көрсеткіші**
- ㉓ **Дыбыс әсері пернелері**
 - Сақтаулы дыбыс әсерін таңдау.
- ㉔ **DBB**
 - Динамикалық басс күшейтуді қосыңыз немесе өшіріңіз.
- ㉕ **☼**
 - Динамик жарығы әсерін қосу немесе ажырату.
- ㉖ **NX Bass**
 - NX Bass әсерін қосу.
- ㉗ **Custom Equalizer (Пайдаланушы эквалайзері)**
 - CUSTOM режимінде сырғытпа жолақтарды жылжыту арқылы 5 жиілік ауқымының әрқайсысының эквалайзер параметрлерін реттеу.
- ㉘ **VOLUME тұтқасы**
 - Динамиктің дыбыс деңгейін реттеу.
- ㉙ **CROSS FADER**
 - Ойнату барысында A көзі мен B көзі арасындағы арна балансын реттеу.
- ㉚ **Ресурс қосқышы**
 - Дыбыс көзін таңдау.

Қашықтан басқару құралына шолу



- ① **⏻**
 - Құрылғыны қосу немесе күту режиміне ауыстыру.
- ② **Көзді таңдау пернелері**
 - Дыбыс көзін таңдау.
- ③ **USB RECORD**
 - USB A режимінде USB құрылғысына жазу.
- ④ **▶▶**
 - Disc, USB A немесе Bluetooth режимінде ойнатуды бастау немесе кідірту.
- ⑤ **◀ / ▶**
 - Disc, USB A немесе Bluetooth режимінде алдыңғы немесе келесі трекке өту.
- ⑥ **AUTO DJ**
 - USB A режимінде AUTO DJ әсерін автоматты түрде қолдану.

- ⑦ **■**
 - Disc (Диск) немесе USB A режимінде ойнатуды тоқтату.
 - Disc (Диск) немесе USB A режимінде бағдарламаларды өшіру.
 - Жазу процесінен шығу.
- ⑧ **ALB/PRESET +/-**
 - Диск немесе USB A режимінде алдыңғы немесе келесі альбомға өту.
 - Tuner (Тюнер) режимінде алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
- ⑨ **MUTE**
 - Дыбысты өшіру немесе қосу.
- ⑩ **DBB**
 - Динамикалық басс күшейтуді қосыңыз немесе өшіріңіз.
- ⑪ **DSC**
 - Сақтаулы дыбыс әсерін таңдау.
- ⑫ **USB B ▶▶**
 - USB B режимінде ойнатуды бастау немесе кідірту.
- ⑬ **USB B ■**
 - USB B режимінде ойнатуды тоқтату.
- ⑭ **VOL +/-**
 - Дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑮ **◀◀ / ▶▶**
 - Tuner (Тюнер) режимінде радио станцияларды реттеу.
 - Disc немесе USB A режимінде трек ішінен іздеу.
- ⑯ **LIGHT**
 - Динамик жарығы әсерін қосу немесе ажырату.
- ⑰ **USB DELETE**
 - USB A режимінде USB сақтау құрылғысында сақтаулы дыбыс файлдарын жою.
- ⑱ **PROG**
 - Disc (Диск) немесе USB A режимінде тректерді бағдарламалау.
 - Tuner (Тюнер) режимінде радио станцияларды бағдарламалау.

19) MODE

- Disc (Диск) немесе USB A режимінде қайталау немесе еркін ойнату режимін таңдау.

3 Жұмысты бастау



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды сәуленің шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Модель нөмірі және сериялық нөмір құрылғының артқы жағында орналасқан. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз: Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____

Қашықтан басқару құралын дайындау




Ескертпе

- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

Қашықтан басқару құралының батареясын ауыстыру үшін:


- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 Екі AAA батареясын көрсетілгендей дұрыс полярлықпен (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Қосу

FM антеннасын жалғау

Жинақтағы FM антеннасын негізгі құрылғының артындағы **FM** ұясына жалғаңыз.




АМ антеннасын қосу




Ескертпе

- Сигнал жақсырақ қабылдануы үшін, АМ антеннасының орналасуын реттеңіз.

- 1 АМ жақтаулы антеннасын құрастырыңыз.



- 2 Жинақтағы АМ жақтаулы антеннасын негізгі құрылғының артындағы **АМ** ұясына жалғаңыз.



- 3 Динамиктің басқа жарық диодты сымын қосу үшін 1 және 2-қадамдарды қайталаңыз.


Динамиктерді қосу




Ескертпе

- Оңтайлы, сапалы дыбыс үшін тек жинақпен берілген динамиктерді пайдаланыңыз.
- Кедергісі жинақтағы динамиктермен бірдей немесе жоғарырақ динамиктерді ғана пайдаланыңыз (осы нұсқаулықтың «Техникалық сипаттамалар» бөлімін қараңыз).
- Динамик сымдары мен терминалдарының түстері сәйкес келетінін тексеріңіз.

Динамиктің жарық диодты сымдарын қосу




- 1 Негізгі құрылғының артқы жағындағы жарық диодты ұяларды табыңыз.
- 2 Жарық диодты сымның қосқышын сәйкес жарық диодты ұяға салыңыз.



Негізгі динамиктерді қосу

- 1 Негізгі құрылғының артқы жағындағы **MAIN SPEAKERS** (НЕГІЗГІ ДИНАМИКТЕР) ұяларын табыңыз.
- 2 Оң динамиктің (NTRX900SA) сымын «R» ұясына және сол динамиктің (NTRX900SB) сымын «L» ұясына салыңыз.



Сабвуферлерді қосу

- 1 Негізгі құрылғының артқы жағындағы **SUB WOOFER** (НЕГІЗГІ ДИНАМИКТЕР) ұяларын табыңыз.
- 2 Сабвуфер сымдарының қосқыштарын **SUB WOOFER** (САБВУФЕР) ұяларына салыңыз.

Қуатты қосу

! Ескерту


- Өнімді бұзып алу қаупі! Жергілікті қуат көзіне сәйкес келетін қуат көзінің кернеуі таңдалғанын тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Қуат сымын ажыратқанда, әрқашан розеткадан ашадан ұстап суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.



Ескертпе

- Айнымалы токқа қоспастан бұрын, барлық басқа байланыстарды аяқтағаныңызды тексеріңіз.

Айнымалы ток қуат ашасын розеткаға қосыңыз.



Қосу

⏻ түймесін басыңыз.

- ↳ Құрылғы соңғы таңдалған көзге ауысады.

Күту режиміне ауысу

Құрылғыны күту режиміне шығару үшін ⏻ түймесін басыңыз.

Күту режимі мен қуат үнемделетін (Eco)

күту режимі арасында ауыстыру:

⏻ түймесін екі секунд басып тұрыңыз.

- ↳ Қуат үнемделетін (Eco) күту режимінде дисплей панелінің артқы жарығы өшеді.



Ескертпе

- Өнім күту режимінде 15 минут болғаннан кейін қуат үнемделетін (Eco) күту режиміне автоматты түрде ауысады.

4 Ойнату

Дискіден немесе USB құрылғысынан ойнату


Дискіні ойнату




Ескертпе

- Дискіде ойнатуға болатын аудио мазмұнның бар екеніне көз жеткізіңіз.

- 1 **CROSS FADER** тетігін сол жақ шетке дейін сырғытыңыз.



- 2 Диск көзін таңдау үшін **CD** түймесін басыңыз.
- 3 Диск науасын ашу үшін негізгі құрылғыдағы **▶** түймесін басыңыз.
- 4 Дискіні диск науасына басылған жағын жоғары қаратып салыңыз.




- 5 Диск науасын жабу үшін негізгі құрылғыдағы **▲** түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды тоқтату үшін **■** түймесін басыңыз.
 - Басқа тректі таңдау үшін **◀** немесе **▶I** түймесін басыңыз.
 - Альбомды таңдау үшін **ALB/ PRESET +/-** түймесін басыңыз.
 - Жолда іздеу үшін **◀◀** немесе **▶▶** түймесін басып тұрыңыз да, қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін жіберіңіз.

USB A құрылғысынан ойнату



Ескертпе

- USB құрылғысында қолдау көрсетілетін пішімдердегі ойнатуға болатын аудио мазмұн бар екенін тексеріңіз.



- 1 Құрылғының USB ұшын **USB A** ұясына салыңыз.
- 2 USB A көзін таңдау үшін **USB A** түймесін басыңыз.
- 3 **CROSS FADER** тетігін сол жақ шетке дейін сырғытыңыз.
- 4 Бір альбомды таңдау үшін, **ALB/ PRESET +/-** түймесін басыңыз.
- 5 Бір дыбыс файлын таңдау үшін, **◀** немесе **▶** түймесін басыңыз.
- 6 Ойнатуды бастау үшін **▶||** түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды тоқтату үшін **■** түймесін басыңыз.
 - Дыбыс файлында іздеу үшін, **◀◀** немесе **▶▶** түймесін басып тұрыңыз да, қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз.

USB құрылғысынан жою

- 1 USB A режимінде музыка ойнатуды тоқтату үшін, **■** түймесін басыңыз.
- 2 Бір дыбыс файлын таңдау үшін, **◀** немесе **▶** түймесін басыңыз.
 - Дыбыс қалтасын жою мақсатында дыбыс қалтасын таңдау үшін **ALB/ PRESET +/-** түймесін басып, файлды таңдау үшін **◀** немесе **▶** түймесін басыңыз.

- 3 Мыналардан таңдау үшін, **USB DELETE** түймесін қайта-қайта басыңыз:
 - **[DEL FILE]** (Файлды жою): ағымдағы аудио файлды жою.
 - **[DEL DIR]** (Каталогты жою): ағымдағы аудио қалтасын жою.
 - **[FORMAT]** (Пішім): USB құрылғысында бүкіл файлдарды жою.
- 4 Таңдауды растау үшін **▶||** түймесін басыңыз.
 - ↳ Растау хабары көрсетіледі.
 - Бас тарту үшін, **■** түймесін басыңыз.

Ескертпе

- Функцияны **USB B** режимінде пайдалану мүмкін емес.

Ескерту

- Егер **[FORMAT]** (Пішімдеу) таңдалса, USB құрылғысында сақталған барлық файлдар (соның ішінде дыбыстық емес файлдар да) өшіріледі.

USB құрылғысына жазу

Сыртқы құрылғылардан келетін аудио CD тректері, MP3 файлдары, радио және дыбыс .mp3 пішімінде жазылады.

USB құрылғысына алғаш рет жазғанда, USB құрылғысында қалта автоматты түрде жасалады. USB құрылғысына әр жазған сайын, жазылған файлдар осы қалтаның ішіндегі қалталарға жазылады. Файлдар мен ішкі қалталар жасалған ретімен сандық түрде аталады.

- 1 USB құрылғысын **USB A** ұясына қосыңыз.
- 2 Жазылатын көзді таңдаңыз.
 - Disc (Диск): ықшам диск көзін таңдап, диск салыңыз да, жазуды бастау үшін бір тректі таңдаңыз.
 - Radio (Радио): тюнер көзін таңдап, радио станцияға реттеніз.
 - AUDIO IN/AUX: Audio-in немесе AUX көзін таңдап, сыртқы құрылғы жалғаңыз да, содан ойнатыңыз.

- USB B: USB B көзін таңдап, жалғаңыз, одан кейін ойнатылатын дыбыс файлын таңдаңыз.

3 Жазуды бастау үшін **USB RECORD** түймесін басыңыз.

- Disc (Диск) режимі үшін айналдырып жүргізу мақсатында **USB RECORD** түймесін басыңыз:

- Ⓐ **[REC ONE]** (біреуін жазу): бірінші немесе ағымдағы трек жазылады.
- Ⓑ **[REC ALL]** (барлығын жазу): барлық тректер немесе қалған тректер жазылады.

➞ Ойнату дискінің немесе таңдалған тректің басынан басталып, жазу іске қосылады.


- Жазып алуды тоқтату үшін ■ түймесін басыңыз.



Ескертпе

- USB құрылғысында дыбыс файлдарын сақтау үшін жад жеткіліксіз болса, «**Full memory**» (Жад толы) хабарламасы көрсетіледі.
- Бұл функцияны USB B және Mix sound (дыбысты араластыру) режимінде пайдалану мүмкін емес.
- Бұл функцияны **AUTO DJ** немесе **DJ EFFECT** әсерлері қолданылған кезде пайдалану мүмкін емес.

USB B құрылғысынан ойнату



1 Құрылғының USB ұшын **USB B** ұясына салыңыз.

2 Сигнал көзі таңдағышын **USB B** көзіне бұраңыз.

3 **CROSS FADER** тетігін оң жақ шетке дейін сырғытыңыз.

4 Ойнатуды басқару үшін негізгі құрылғының үстіндегі ойнатуды басқару панелін (B) пайдаланыңыз.

- Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру үшін, ►|| түймесін басыңыз.
- Бір альбомды таңдау үшін, +/- түймесін басыңыз.
- Бір дыбыс файлын таңдау үшін, ◀◀ немесе ▶▶ түймесін басыңыз.
- Ойнатуды тоқтату үшін ■ (B) түймесін басыңыз.
- Дыбыс файлында іздеу үшін, ◀◀ немесе ▶▶ түймесін басып тұрыңыз да, қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз.

Ойнату опциялары

Қайталап және кездейсоқ ойнату

1 Disc (Диск) немесе USB A режимінде мыналарды таңдау үшін, **MODE** түймесін қайта-қайта басыңыз:

- **[RPT ONE]** (Біреуін қайталау): ағымдағы тректі қайталап ойнату.
- **[RPT-DIR]** (Каталогты қайталау): альбомдағы немесе қалтадағы барлық тректерді қайталап ойнату.
- **[RANDOM]** (Кездейсоқ): барлық тректерді кездейсоқ ретпен ойнату.

2 Қалыпты ойнатуға қайту үшін, **MODE** түймесін қайта-қайта басып **[OFF]** (Өшіру) опциясын таңдаңыз.



Ескертпе

- Бағдарламаланған тректерді ойнатқанда кездейсоқ ретпен ойнатуды таңдау мүмкін емес.

Тректерді бағдарламалау.

Ең көбі 20 трекке дейін бағдарламалауға болады.

- 1 Disc (Диск) немесе USB A режимінде ойнатуды тоқтату үшін, ■ түймесін басыңыз.
- 2 Бағдарлама режимін іске қосу үшін **PROG** түймесін басыңыз.
↳ Экранды бір сан жыпылықтайды.
- 3 MP3 тректері үшін **ALB/PRESET+/-** түймесін басып, бір альбомды таңдаңыз.
- 4 Бір трек нөмірін таңдау үшін, ◀ немесе ▶ түймесін басыңыз да, растау үшін, **PROG** түймесін басыңыз.
- 5 Басқа тректерді бағдарламаға енгізу үшін, 3-4-қадамдарды қайталаңыз.
- 6 Бағдарламаланған тректі ойнату үшін, ▶|| түймесін басыңыз.
 - Бағдарламаны өшіру үшін ■ түймесін екі рет басыңыз.



Ескертпе

- Функцияны **USB B** режимінде пайдалану мүмкін емес.

Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату

Құрылғы Bluetooth құрылғысындағы музыканы жүйеге ағынмен жіберу үшін Bluetooth технологиясын пайдаланады.



Ескертпе

- Бір құрылғыны осы құрылғымен жұптамастан бұрын, оның Bluetooth үйлесімділігіне арналған пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.
- Құрылғыдағы Bluetooth функциясы қосылып тұрғанын және құрылғыңыз барлық басқа Bluetooth құрылғыларына көрінетіндей орнатылғанын тексеріңіз.
- Құрылғы мен Bluetooth құрылғысы арасындағы нақты жұмыс ауқымы — шамамен 10 метр (30 фут).
- Өнім ең көбі 8 жұпталған құрылғыны есте сақтай алады. Тоғызыншы құрылғы бірінші жұпталған құрылғыны ауыстырады.
- Құрылғы мен Bluetooth құрылғысының арасындағы кез келген кедергі жұмыс ауқымын қысқартуы мүмкін.
- Кедергі келтіруі мүмкін кез келген басқа электр құрылғысынан алыс ұстаңыз.

- 1 **CROSS FADER** тетігін сол жақ шетке дейін сырғытыңыз.
- 2 Құрылғының Bluetooth функциясын қосу үшін, **Bluetooth** түймесін басыңыз.
↳ 0 түймесіндегі жарық диодты индикатор жыпылықтайды.
- 3 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз және Bluetooth құрылғыларын іздеңіз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 4 Құрылғыда [**PHILIPS NX9**] (Philips NX9) көрсетілгенде жұптауды және қосуды бастау үшін соны таңдаңыз. Қажет болса, «0000» әдепкі құпия сөзін енгізіңіз.
↳ Сәтті жұптау мен жалғаудан кейін, ЖШД көрсеткіші тұрақты көк түспен жанады.
- 5 Құрылғыдағы дыбысты ойнатыңыз.
↳ Дыбыс ағыны құрылғыдан осы құрылғыға жіберіледі.
 - Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру үшін, ▶|| түймесін басыңыз.
 - Басқа тректі таңдау үшін, ◀ немесе ▶ түймесін басыңыз.

Bluetooth қолдайтын құрылғыны ажырату үшін:

- ▶|| түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз.
- Құрылғыда Bluetooth функциясын ажыратыңыз немесе
- Құрылғыны байланыс ауқымынан тыс жылжытыңыз.




Ескертпе

- Басқа Bluetooth құрылғысын қосудың алдында алдымен ағымдағы құрылғыны ажыратыңыз.

Сыртқы құрылғыдан ойнату

Осы құрылғының динамиктері арқылы аудионы сыртқы құрылғыдан ойнатуға болады.

MP3 ойнатқышынан ойнату



- 1 **AUDIO IN A** көзін таңдау үшін **AUDIO A** түймесін басыңыз.
- 2 **CROSS FADER** тетігін сол жақ шетке дейін сырғытыңыз.
- 3 Қосқышы 3,5 мм болатын дыбыс кірісі кабелін (жинақпен берілмейді) мыналарға жалғаңыз:
 - құрылғыдағы **AUDIO IN A** ұясына және
 - MP3 ойнатқышындағы құлақаспап ұясына.
- 4 MP3 ойнатқышындағы дыбысты ойнатыңыз (соның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).




Кеңес

- MP3 ойнатқышы **AUDIO IN B** ұясына жалғанса, негізгі құрылғыдағы сигнал көзі таңдағышын **AUDIO IN B** көзін таңдау үшін бұраңыз.

Басқа дыбыс құрылғысынан ойнату

Сондай-ақ, бұл құрылғыға компьютер, теледидар, DVD ойнатқышы немесе ойын ойнатқышы сияқты басқа аудио құрылғыларды қосуға болады.



- 1 **GAME** (Ойын), **PC-IN** (Компьютер кірісі), **TV** (Теледидар) және **DVD** көздерін айналыдырып жүргізу үшін, **AUX** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 Ақ және қызыл дыбыс кабельдерін (жинақпен берілмейді) мыналарға жалғаңыз:
 - негізгі құрылғының артқы жағындағы **AUX** ұяларына.
 - компьютердегі құлақаспап ұясына немесе сыртқы құрылғыдағы **AUDIO OUT** ұясына.
- 3 Құрылғыдағы дыбысты ойнатыңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).



Ескертпе

- **AUX** режимінен шығып, дыбысты басқа көздерден тыңдау үшін **[AUX OFF]** (**AUX ӨШІРУ**) параметрін таңдау мақсатында **AUX** түймесін қайталап басыңыз.

5 Радио тыңдау

Радио станцияға реттеу



Кеңес

- Радио кедергісіне жол бермеу үшін, құрылғыны басқа электрондық құрылғылардан алыс ұстаңыз.
- Жақсырақ қабылдау үшін, антеннаны толық шығарып, орнын дұрыстаңыз.

- 1 **CROSS FADER** тетігін сол жақ шетке дейін сырғытыңыз.
- 2 FM немесе AM тюнерін таңдау үшін қашықтан басқару құралындағы **TUNER** түймесін немесе негізгі құрылғыдағы **■ (A)** түймесін басыңыз.
- 3 **◀◀** немесе **▶▶** түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
 - ↳ **[SEARCH]** (іздеу) көрсетіледі.
 - ↳ Радио күшті сигналы бар станцияға автоматты түрде дәлденеді.
- 4 Көбірек станцияларды реттеу үшін 3-қадамды қайталаңыз.
 - Бір станцияға қолмен дәлдеу үшін, оңтайлы қабылданатын сигнал табылғанша **◀◀** немесе **▶▶** түймесін қайта- қайта басыңыз.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 30 FM және 10 AM радио станциясын бағдарламалауға болады.

Автоматты бағдарламалау режимін белсендіру үшін тюнер режимінде **PROG** түймесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз.

- ↳ **[AUTO]** (авто) көрсетіледі.
- ↳ Құрылғы жеткілікті сигнал күші бар радио станцияларын автоматты түрде сақтайды.
- ↳ Барлық қол жетімді радио станциялары сақталғаннан кейін бірінші сақталған радио станциясы автоматты түрде таратылады.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 30 FM және 10 AM радио станциясын бағдарламалауға болады.

- 1 Радиостансаны реттеу.
- 2 Бағдарлама режимін іске қосу үшін **PROG** түймесін басыңыз.
 - ↳ Дисплейде позиция нөмірі көрсетіледі.
- 3 Бұл радио станциясына нөмір беру үшін, **ALB/PRESET+/-** түймесін басыңыз, содан кейін, растау үшін, **PROG** түймесін басыңыз.
- 4 Басқа станцияларды бағдарламаға енгізу үшін, 1-3-қадамдарды қайталаңыз.



Кеңес

- Бағдарламаланған станцияны қайта жазу үшін, оның орнына басқа станцияны сақтаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

Алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін тюнер режимінде **ALB/PRESET+/-** түймесін басыңыз.

6 Дыбыс деңгейін және дыбыс әсерін реттеу

Дыбыс деңгейін реттеу

Ойнату кезінде дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту үшін, **VOL +/-** түймесін басыңыз.

Дыбысты өшіру

Ойнату кезінде дыбысты өшіру немесе қосу үшін, **MUTE** түймесін басыңыз.

AUTO DJ әсерін қолдану

AUTO DJ функциясы музыкаға түрлі дыбыс және ойнату әсерлерін автоматты түрде қосады.

- AUTO DJ әсерлерін қолдану үшін **AUTO DJ** түймесін қайталап басып, мыналардың бірін таңдаңыз:
 - **[METAL]** (Метал) және
 - **[PARTY]** (сауық кеші)
- AUTO DJ әсерлерін өшіру үшін, **AUTO DJ** түймесін қайта-қайта басып **[OFF]** (Өшіру) опциясын таңдаңыз.
- Қосылған әсерлердің қайталану жиілігі мен дыбыс деңгейін реттеу үшін, **DJ EFFECT** дөңгелегін бұраңыз.

Ескертпе

- Бұл әсерлерді қолданба автоматты түрде және кездейсоқ ретпен қосады.
- Бұл функцияны тек **USB A** режимінде пайдалануға болады.

DJ әсерлерін қолмен қолдану

Сонымен қатар, алдын ала орнатылған DJ әсерлерін өзіңіз қоссаңыз да болады.

- Бір әсерді таңдау үшін, **DJ EFFECT** түймесін қайта-қайта басыңыз:
 - **[SCRATCH]** (скретч)
 - **[REVERB]** (жасанды жаңғырық)
 - **[BEAT BOX]** (битбокс)
 - **[YEAN]** (йе)
- DJ әсерлерін өшіру үшін, **DJ EFFECT** түймесін қайта-қайта басып **[OFF]** (өшірулі) опциясын таңдаңыз.
- Қосылған әсерлердің дыбыс деңгейін қолдану үшін, **DJ EFFECT** дөңгелегін бұраңыз.

Ескертпе

- Бұл функцияны **USB B** және **Audio in B** режимдерінде пайдалану мүмкін емес.

Алдын ала орнатылған дыбыс әсерін таңдау

Цифрлық дыбысты басқару (DSC) мүмкіндігі ерекше дыбыс әсерлерін тыңдауға мүмкіндік береді.

- Ойнату кезінде келесіні таңдау үшін **DSC** түймесін қайталап басыңыз:
 - **[ROCK]** (рок)
 - **[POP]** (поп)
 - **[JAZZ]** (джаз)
 - **[TECHNO]** (техно)
 - **[SAMBA]** (самба)

Бассты жақсарту

Ең жақсы Dynamic Bass Enhancement (DBB) параметрі әр DSC таңдауы үшін автоматты түрде жасалады. Тыңдау ортасына ең қолайлы DBB параметрін қолмен таңдауға болады.

- Ойнату кезінде келесіні таңдау үшін DBB түймесін қайталап басыңыз:
 - DBB 1
 - DBB 2
 - DBB 3
 - DBB OFF (DBB өшірулі)

NX Bass әсерін қолдану

NX Bass әсері музыкаға артқы шуылы азырақ анық және жанды ерекшелік қосады.

- 1 **NX Bass** түймесін жауып тұрған қақпақты ашыңыз.
- 2 **NX Bass** түймесін басыңыз. Дыбыс 3 сатыда өзгереді:
 - 1-саты: дыбыс деңгейі жоғарырақ деңгейге өзгеріп, осы деңгейде 5 секунд тұрады.
↳ **[FIRING]** (атылу) хабарламасы дисплейде көрсетіледі.
 - 2-саты: дыбыс деңгейі бастапқы деңгейге 10 секундта біртіндеп түседі.
↳ **[DISCHARGE]** (босату) хабарламасы дисплейде көрсетіледі.
 - 3-саты: дыбыс деңгейі 40 секунд бойы қалыпты деңгейде сақталады. Егер **NX Bass** түймесін қайта бассаңыз, **[RECHARGE]** (Қайта зарядтау) параметрі көрсетіледі.

Эквалайзер параметрлерін реттеу

Custom Equalizer (Пайдаланушы эквалайзері) белгілі бір жиілік ауқымдарының күшеюін арттыруға немесе азайтуға және дыбыстың шығуын өз қалауыңызға сәйкес реттеуге мүмкіндік береді.

- 1 Негізгі құрылғыдағы **CUSTOM** түймесін басыңыз.
- 2 5 жиілік ауқымының әрқайсысының эквалайзер параметрлерін реттеу үшін, сырғытпа жолақтарды жылжытыңыз.

7 Басқа мүмкіндіктер

Mix sound (Дыбысты араластыру)

Бір уақытта **Source A** (Disc/USB A/Bluetooth/Tuner/Audio in A режимі) және **Source B** (USB B/Audio in B режимі) көзінен ойнатуға болады.

- 1 **Source A** көзінен ойнату.
 - Disc (Диск): ықшам диск көзін таңдап, салынған дискідегі бір тректі ойнатыңыз.
 - Tuner (Тюнер): бір радио станциясына дәлдеңіз.
 - Audio in A: Audio in A көзін таңдап, жалғанған сыртқы құрылғыдағы дыбысты ойнатыңыз.
 - USB A: USB A көзін таңдап, жалғанған USB A құрылғысындағы дыбысты ойнатыңыз.
 - Bluetooth: Bluetooth құрылғысын жалғап, құрылғыдағы дыбысты ойнатыңыз.
- 2 **Source B** көзінен ойнату.
 - Audio in B: Audio in B көзін таңдап, жалғанған сыртқы құрылғыдағы дыбысты ойнатыңыз.
 - USB B: USB B көзін таңдап, жалғанған USB B құрылғысындағы дыбысты ойнатыңыз.
- 3 Ойнату кезінде Source A және Source B арналарының арасындағы балансты реттеу үшін, **CROSS FADER** басқару құралын қолданыңыз.

Микрофонмен сөйлеу немесе ән айту

Бұл құрылғыда микрофонмен бір музыка көзіне қосылып сөйлеуге немесе ән айтуға болады.

- 1 **MICVOL** тұтқасын ең төменгі деңгейге бұраңыз.
- 2 Микрофонды (жинақпен берілмейді) жоғарғы панельдегі **MIC 1** немесе **MIC 2** ұясына жалғаңыз.
- 3 Бір көзді таңдау үшін, **CD, TUNER, USB A, AUDIO A** немесе **AUX** түймесін басыңыз, содан кейін ойнатуды бастаңыз.
- 4 Микрофон арқылы ән айтыңыз.
 - Көздің дыбыс деңгейін реттеу үшін **VOL +/-** түймесін басыңыз.
 - Микрофонның дыбыс деңгейін реттеу үшін **MICVOL** тұтқасын бұраңыз.



Ескертпе

- MIC кірісі 750 Ом +/- 30% кедергісі бар динамикалық катушканы микрофонға арналған.

Безендіргіш жарықты қосу немесе өшіру

Қуат қосу режимінде дыбыс күшейткіштердің айналасындағы безендіргіш жарықты реттеу немесе жарықты өшіру үшін **LIGHT** түймесін қайталап басыңыз.

Құлақаспап арқылы тыңдау



Ескертпе

- Құлақаспап арқылы тыңдағанда дыбыс күшейткіштің дыбысын өшіру мүмкін емес.

- 1 Құлақаспапты негізгі құрылғының жоғарғы панеліндегі ұясына қосыңыз.
- 2 Дыбыс көзін таңдау үшін **OUTPUT** тұтқасын бұраңыз: A көзі немесе B көзі.
- 3 Құлақаспаптың дыбыс деңгейін реттеу үшін **VOL** тұтқасын бұраңыз.

8 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Жалпы шығыс қуаты	4200 Вт
Жиілік жауабы	20-20000 Гц, ± 3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	>65 дБА
Audio in/AUX Input	1 В/2 В ОКМ $R_{in} \geq 22$ кОм

Диск

Лазер түрі	Жартылай өткізгіш
Диск диаметрі	12 см/8 см
Қолдау көрсетілетін диск	CD-DA, CD-R, CD-RW, MP3-CD
Дыбыс DAC	24 бит / 44,1 кГц
Гармоникалық мазмұн	$<1\%$ (1 кГц)
Жиілік жауабы	4 Гц - 16 кГц (44,1 кГц)
С/Ш қатынасы	>65 дБА

Динамиктер

Динамиктің номиналдық қарсылығы	4 Ом
Динамик драйвері	Сабвуфер: 2x20"; Вуфер: 2x8"; ЖЖ динамик: 2"dome
Сезімталдық	90 ± 3 дБ/м/Вт

Тюнер

Реттеу ауқымы	FM: 87,5 - 108 МГц; AM: 531 - 1602 кГц (9 кГц);
Реттеу торы	50 кГц (FM); 9 кГц (AM)
Алдын ала орнатылған станциялар саны	30 FM, 10 AM
-Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	<22 дБф
Іздеуді таңдау мүмкіндігі	<35 дБф
Жалпы гармоникалық бұрмаланулар	$<2\%$
Сигнал-шу арақатынасы	>45 дБ
FM	75 Ом сым
AM	түйінді антенна

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	V2.1+EDR
Bluetooth жиілік жолағы	2,4 ГГц - 2,48 ГГц ISM жолағы
Қолдау көрсетілетін профильдер	A2DP, AVRCP 1.0
Ауқымы	10 м (бос орын)

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	220-240 В, 50/60 Гц
Жұмыс режимінде қуатты тұтынуы	250 Вт
Күту режимінде қуатты тұтынуы	40 Вт
Есо күту режимінде қуатты тұтынуы	< 0,5 Вт
Құлақспаптың шығысы	5,0 мВт 2x 16Ω
USB Direct	2.0HS нұсқасы, 5 В 500 мА

Мөлшері

- Негізгі құрылғы (Е x Б x К)	526 X 247 X 470 мм
- Динамик қорабы (Е x Б x К)	668 X 1132 X 547 мм

Салмағы

- Негізгі құрылғы	8,9 кг
- Әрбір динамик қорабы	62 кг

- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- ID3 тегінің 1.2 немесе одан кейінгі нұсқасы
- Unicode UTF8 пішіміндегі файл атауы (ең үлкен ұзындығы: 128 байт)

Қолданылмайтын пішімдер:

- Бос альбомдар: бос альбом — құрамында MP3/WMA файлдары жоқ және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, Word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдары еленбейді және ойнатылмайды.
- AAC, WAV, PCM дыбыстық файлдары
- WMA файлдары

Қолдау көрсетілетін MP3 диск форматтары

- ISO9660, Joliet
- Максималды тақырып атауы: 999 (файл атауының ұзындығына байланысты)
- Максималды альбом атауы: 99
- Қолдау көрсетілетін үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
- Қолдау көрсетілетін бит жылдамдықтары: 32~320 (кбит/сек), айнымалы бит жылдамдықтары
- ID3 тегінің 1.2 немесе одан кейінгі нұсқасы
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар

Техникалық қызмет көрсету

Корпусын тазалау

- Жұмсақ тазалағыш ерітіндімен суланған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Құрамында алкоголь, спирт, аммиак немесе абразив бар ерітіндіні пайдаланбаңыз.

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB флеш жады (USB2.0)
- USB флеш ойнатқыштары (USB2.0)
- жад карталары (осы құрылғымен жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралдары қажет)

Қолданылатын пішімдер:

- USB немесе жад файлы пішімі: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор өлшемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар
- Альбомдар/ қалталар саны: ең көбі 99

Дискілерді тазалау

- Диск кірлегенде, оны тазалағыш шүберекпен сүртіңіз. Дискіні ортасынан шетіне қарай сүртіңіз.



- Бензин, ерітінді, сатып алынған тазалағыштар немесе ұқсас жазбаларға арналған антистатикалық спрейді пайдаланбаңыз.

Диск линзасын тазалау

- Ұзақ уақыт пайдаланғаннан кейін диск линзасында кір не шаң жиналып қалуы мүмкін. Ойнату сапасын жақсарту үшін диск линзасын Philips CD линза тазалағышымен немесе басқа сатып алынған тазалағышпен тазалаңыз. Тазалағыштағы нұсқауларды орындаңыз.

9 Ақаулықтарды жою



Ескерту

- Бұл құрылғының корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде қиындықтар орын алса, қызмет көрсету орталығынан сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер проблема шешілмесе, Philips веб-торабына (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және модель нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Жалпы ақпарат

Қуат жоқ

- Құрылғының айнаымалы ток қуат штепселінің дұрыс қосылуын қамтамасыз етіңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.
- Қуатты үнемдеу үшін ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару элементі пайдаланылмаса, құрылғы 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Динамиктер дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Динамиктердің дыбысы өшірілгенін тексеріңіз. Дыбысты қалпына келтіру үшін **MUTE** (Дыбысты өшіру) түймесін басыңыз.

Сол және оң дыбыс шығыстары ауысып кеткен

- Динамик қосылымдарын және орнын тексеріңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Айнаымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасын жақындатыңыз.
- Батареяларды полярлықтарымен (+/– белгілері) көрсетілгендей салыңыз.
- Батареяларды ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын негізгі құрылғының алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Бірнеше көз пернелерін басқаннан кейін жауап жоқ

- Өнім күту режимінде емес екенін тексеріңіз.
- Өнім AUX режимінде екенін тексеріңіз. Егер солай болса, алдымен AUX режимінен шығу үшін **AUX** түймесін қайталап басып, әрекетті қайталаңыз.

Диск таңдалмаған

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің төмен қарап салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

USB құрылғысындағы кейбір файлдарды көрсету мүмкін емес

- USB құрылғысындағы қалталардың не файлдардың саны белгілі бір шектен асып кеткен. Бұл құбылыс ақаулыққа жатпайды.
- Бұл файлдардың форматтарына қолдау көрсетілмейді.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

USB B құрылғысынан ойнату кезінде дыбыс әсерлерін қолдану мүмкін емес.

- USB B режимі **DBB, DSC, DJ EFFECT** немесе **AUTO DJ** әсерлерін қолдамайды.

USB B құрылғысынан файлдарды жою мүмкін емес.

- USB B режимі **USB Delete (Жою)** функциясын қолдамайды.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен басқа электр құрылғылардың арасын алыстатыңыз.
- Жақсырақ қабылдау үшін, антеннаның орналасуын реттеңіз.

Bluetooth құрылғысы туралы

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолдарын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Бұл өнім басқа Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғымен қосылып қойылған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұпталған құрылғы тұрақты қосылып, ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth қосылымы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде ажыратылуы мүмкін. Бұл осы өнімнің бұзылғанын білдірмейді.

10 Ескерту

Gibson тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандай да бір өзгерістер немесе модификациялар пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

CE 0890

Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.



Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EC еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Электр және электрондық бұйымдар мен батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесінің ережелерімен танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бұйымдар мен батареяларды қалыпты

тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі бұйымдар мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.

Лақтыруға болатын батареяларды тастау

Тасталатын батареяларды шығарып алу үшін батареяны орнату тарауын қараңыз.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік ораушы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсі біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Бұл құрылғыда мына белгі бар:



Бұл қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді Gibson Innovations Limited лицензияға сәйкес пайдаланады. Басқа сауда белгілері және

сауда атаулары сәйкес иелерінің меншігі болып табылады.



Be responsible
Respect copyrights

Көшіруден қорғалған материалдың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың, файлдардың, телерадио хабарлары мен дыбыстық жазбалардың көшірмелерін рұқсатсыз жасау авторлық құқықты бұзу және қылмыстық іс болуы мүмкін. Бұл жабдық осындай мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс.



2015 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.

This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license from Koninklijke Philips N.V.

NTRX900_12_UM_V1.0

